

2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологтың ата-аналармен және мектеп педагогтарымен жүргізілген жұмысы туралы ақпарат

Мектептегі психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан-жақты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Педагогикалық ұжыммен, жас мұғалімдермен, ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізіп, кеңестер береді.

Өзекті мәселесі : Жеке тұлғаны қалыптастыруға және қабілетін дамытуға қажетті психологиялық-әлеуметтік ортаның қалыптасуына ықпал ету.

Мақсаты : Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін анықтау. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Міндеті :

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірде көзқарасы қажетті дәрежеде таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету, жекеленген ауытқушылықтардың алдын алу;
- Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетімен білім-біліктілікті дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Оқудың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық дамуын зерттеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың қарым-қатынасын реттеу.

Ата-аналармен жұмыс.

Әр сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысына, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысып, «Баланың бас ұстазы – ата-анасы», «Ата-ана, балаңызбен байланысыңыз қалай?» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді. Орта және жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналарымен «Өз-өзіне қол салу» әрекеті бойынша әңгіме жүргізілді. Ата-аналарға жасөспірім шақта суициалдық мінез-құлық өзгешеліктері туралы айтылды.

Әр сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысына, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысып, «Тұлғаның қалыптасуында ата-ананың рөлі» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді. 1-5 сынып ата-аналары арасында баланың мектепке бейімделіне ықпал ету аясындағы тақырыптарда баяндамалар оқылып, әңгімелер жүргізілді,

9 сынып ата-аналарымен баланың келешек мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етіп, көмек көрсету туралы айтылды. Ата – аналар жиналысында «Сіз қандай ата - анасыз?», «Мен қандай ата-анамын?» атты сауалнамалар «Ұстаз бен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау», «Ата-ана махаббаты» тренингтері ұйымдастырылды. Отбасылық тәрбиенің ерекшелігі мен жан-жақтылығы өз сипаты бойынша эмоционалды болып келетіндігінде болады және өз негізінде ата-аналар мен балалардың өзара махаббатына ие

болады. Ешбір балаларды тәрбиелеуші мекеме отбасылық қарым қатынасқа, эмоционалдық сала мен сезімдерді тәрбиелеуге ықпал ететін модельді ойлап шығара алмайды. Отбасылық тәрбие, бала бойында, отбасылық – тұрмыстық рөлдерді білуді, басқалады түсіну мүмкіндігін, өзін-өзі өзектендіру қабілетін дамытады. Ата-ана мен мектептің өзара әрекеттесуі үрдісі ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне және бос уақыттағы сыныптан тыс қызметке белсенді түрде қатыстыруға балалар және педагогтармен тиімді дүрде ынтымақтастығын дамытуға бағытталған болуы тиіс. Мектептегі психологиялық қызметтің тәлім-тәрбиенің орталығы болып, жас ұрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.

"Отбасы-бақыт бесігі", "Ата-ана өмірінің басты мақсаты -бақытты адам тәрбиелеу" тренинг



"Бала тәрбиесіндегі ата- ана рөлі" тақырыбында жаңа форматта ата-аналармен тренинг





Мұғалімдерді психологиялық сүйемелдеу.

Ұстаздарды психологиялық қолдау педагогтардың жаңа жағдайға дайындығына байланысты психологиялық бөгеттерді жеңуге, бір-бірімен, әкімшілік, ата-аналар, балалармен өзара дұрыс қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Мектебіміздің ұстаздар ұжымымен жыл басында «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау» сауалнамасы алынды. Сонымен қатар мұғалімдерге «Сіз қандай мұғалімсіз», «Мұғалім оқушы көзімен» жаттығуы жүргізілді.

Ұжымдағы жас мамандардың бейімділігін анықтау мақсатында «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман», «Жас келсе іске» тренингі, "Жас педагогтер мектебі" Ынтымақтастық түбі-игілік тренингі, "Өзіңді тереңірек тани білу-үлкен жетістік нышаны" тақырыбында арт-терапия, тренинг өтті. «Мұғалімнің шыдамдылығы» тесті алынып, нәтижесі анықталды. Мұғалімдердің өзара қарым-қатынас деңгейі анықталып, әртүрлі тренингтер өткізілді. Мектебіміздің ұстаздар ұжымымен жыл басында «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау» сауалнамасы алынды.

"Жас педагогтер мектебі" Ынтымақтастық түбі-игілік тренинг



“Өзінді тереңірек тани білу-үлкен жетістік нышаны” тақырыбында арт-терапия, тренинг





«Сиқырлы сандық» акциясы



Өткізілген уақыты	Тақырыбы	Сілтемесі
19.10.2023ж	"Ғаламтор қауіпсіздігі" ата-аналар мен оқушыларға жадынама	https://www.instagram.com/p/CylIXb6InOp/?igsh=MTQ0ajY0a3IzN2NvbQ==
02.11.2023ж	«Әке жауапты лауазым» тренинг	https://www.instagram.com/reel/CzJMNEeoMOu/?igsh=cDF5czFiaW51ZG1u
03.11.2023ж	"Отбасы-бақыт бесігі", "Ата-ана өмірінің басты мақсаты -бақытты адам тәрбиелеу" тренинг	https://www.instagram.com/reel/CzLvSf3IRMz/?igsh=MWwzbHM5cHM4NDc1aA==
20.11.2023ж	"Отбасы-бақыт бесігі"	https://www.instagram.com/reel/Cz5Pt6xoE9W/?igsh=MW9

		3b2c2dGVrYnA1Mg==
05.01.2024ж	"Бала тәрбиесіндегі ата- ана рөлі" тақырыбында жаңа форматта ата-аналармен тренинг	https://www.instagram.com/reel/C1tomEvIMEp/?igsh=MWN1bDV1aTI4YXh3bA==
05.01.2024ж	"Баламен бірге кітап оқимыз" тренинг	https://www.instagram.com/p/C1txFguoqz3/?igsh=dmV0N3UyZmM4emxr
05.01.2024ж	"Жас педагогтер мектебі"	https://www.instagram.com/reel/C1u99XqrFXj/?igsh=ank0aGhuM2JpNWph
29.03.202ж	"Өзіңді тереңірек тани білу-үлкен жетістік нышаны" тақырыбында арт-терапия, тренинг	https://www.instagram.com/reel/C5F5_GnIxAO/?igsh=MWw1dzRiZ3BsenpmZg==
29.04.202ж	Информация для родителей!!!	https://www.instagram.com/p/C6WFSeRo9vC/?igsh=YzZwaWpraHpkN3Ju